Жалпы мектеп ұжымы оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарға және спорттық сайыстарға қатысуын тиімді ұйымдастыра біледі.«Жол қозғалысы ережелерін білу - қауіпсіздік негізі» атты жолда жүру ережелеріне байланысты жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілген. **«Абайлаңыз, балақай!»** тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына жол өткелдерінен, жаяу жүргіншілер жолағынан өтуге үйрету, жолда өздерін ұстауға дағдыландыру жұмыстары жүргізілді.





Оқушыларымен **«Көңілді үзіліс»** ұйымдастырылды. Мақсаты – сабақ уақытындағы үзілісті тиімді пайдалану, оқушылар арасындағы өзара ұйымшылдықты арттыру, сананы сергітіп, жаңа күйге түсіру.«Көңілді үзіліс» уақытында «Жұмсақ шеңбер» ойыны, «Өрмекші торы», «Шатаспақ» сынды ойындар ойнатылып, сұрақ-жауаптар арқылы балалар арасында жағымды көңіл-күй, жақсы қарым-қатынас орын алды.









		Наурыз – жаңару мен жасампаздықтың, береке мен бірліктің бастауы. Осы айтулы мерекеге орай мектебіміздің 1-4 сынып оқушыларының қатысуымен тағылымы мол мерекелік **«Қош келдің Әз Наурыз»** атты кеш ұйымдастырылды. Кештің басты мақсаты – оқушыларға қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін кеңінен таныстырып, ғасырлардан жалғасқан асыл мұраларымызды дәріптеу. Сонымен қатар жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, елін, жерін және дәстүрін құрметтеуге баулу. Шара барысында оқушылар ұлттық әндер орындап, мың бұралған билерін ұсынып, күмбірлеген күй мсахналық қойылымдар арқылы көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Мерекелік бағдарлама халқымыздың бай мәдениеті мен ұлттық болмысын айшықтай түсті.    Мектебімізде **12 сәуір – Халықаралық ғарышкерлер күніне** орай 1 Ә сынып жетекшісі А.Мадияр сынып сағатын өткізді. Мақсаты оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, ғарыш әлемінің сырларымен таныстыру және отандық ғарышкерлеріміздің ерлігін дәріптеу. Сынып сағаты барысында оқушылар ғарыштың тылсым әлемі, ғарышты игеру тарихы және қазақтан шыққан ғарышкерлер туралы тың мәліметтермен танысты. Түрлі қызықты сұрақтар, викториналар мен танымдық тапсырмалар арқылы оқушылар өз білімдерін толықтырып, ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттырды. Сабақ барысында **ғарыш – шексіз қиял мен үлкен мүмкіндіктер әлемі** екені айтылып, оқушыларды білімге ұмтылуға, арманын биік қоюға және ғылымға қызығушылық	Тәрбие жұмысының анықтамасы	https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=281

		танытуға үндеді.    **Мектеп пен ата-ана – бала болашағының қос қанаты** Ата-аналарға арналған Ашық есік күні өтті. Бұл күн – ата-аналарға баласының мектептегі өмірімен жақынырақ танысып, оқу-тәрбие үдерісіне етене араласуға мүмкіндік берген маңызды шара болды. ***Ата-аналар:*** Балаларының сабақтарына қатысты. Спорттық, шығармашылық, техникалық үйірмелермен танысты. Жасанды интеллект негізіндегі жаңа форматтағы сабақтарға қатысып, жаңашыл білім беру үлгілерін көрді. Жиналысқа келген ата-аналар мектеп әкімшілігі тарапына өз көкейтесті сұрақтарын қойып тұщымды жауаптар алды.Ата-аналар жиналысы барысында тұрғынжайдан тыс жерде жүрмеуін ата-аналарға жеткізу,мектептің ішкі тәртіп ережесін қатаң сақтау,әлеуметтік желілердегі балалардың іс-әрекетін ата-ана бақылауы жөнінде ұсыныстар айтылды. Шара аясында ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар беріліп түсіндірілді.	Тәрбие жұмысының анықтамасы	https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=281









«Мен оқыған кітапты, сен де оқы» тақырыбында шара ұйымдастырылды. Адамзаттың ұлы байлығының бірі – кітап. Ол – адамның көп ғасырлық ақыл-ойының жемісі. Кітапты талғап та таңдап оқи алу, оны терең түсіну, содан алған әсерді қажетке жарату – әркімнің білік-білімін,пайым-парасатын айқындайтын алғышарттардың бірі де бірегейі. Кітап – қазына және оқырманның асып-тасымайтын асыл досы. Өйткені, онымен шын «дос» болған кісінің ой-өрісі кең, сөз мәдениеті жоғары болары сөзсіз. Кез келген елдің тарихын, жүріп өткен жолын баян ететін де сол кітап. Сол себепті мектебіміздің кезекші сыныптарындағы

		мектеп табалдырығын биыл аттаған оқушыларға мектеп кітапханасы және мектеп кітапханасындағы кітаптармен таныстыру, оқушылардың кітапқа ,оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында «Кітапханаға саяхат» ұйымдастырылды.   **ЕРЛІК ПЕН ЕҢБЕК ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН!** Мектебімізде **7 мамыр – Отан қорғаушылар күні** мен **9 мамыр – Жеңіс күніне** арналған тағылымы мол, тәрбиелік мәні зор мерекелік іс-шара өткізілді.Мерекелік кеш барысында оқушыларымыз елге деген сүйіспеншілігін, Отанға деген ыстық ықыласын өнер арқылы жеткізді. Патриоттық әндер шырқалып, билер орындалып, сахна төрінде әсерлі көріністер ұсынылды. Әрбір өнер нөмірі көрермен көңілінен шығып, ерекше әсер мен көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Шараның негізгі мақсаты – ел тыныштығы мен бейбіт өмір жолында ерлік көрсеткен аға буынның өнегелі жолын дәріптеу, батырларымыздың есімін ұлықтау және жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік, елжандылық қасиеттерді сіңіру.Бейбіт күннің қадірін түсініп, елін сүйген ұрпақ тәрбиелеу – баршамыздың ортақ міндетіміз.Мерекелік шара жүректерге жылу сыйлап, жарқын естеліктерге толы ерекше кешке айналды.	Тәрбие жұмысының анықтамасы	https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=281








Сынып жетекшілер кеңесінің жұмысының бар болуы және тиімділігі

Сыныптарға сынып жетекшілерді бекіту әр жылғы педагогикалық кеңесте қаралып, бұйрықтар шығарылған. Мектепте сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігіжұмыс жүргізіліп отыр. Әр сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспары бекітілген. Сынып жетекшілерінің партфолиосы жасақталған.

Республикалық, жергілікті оқушылар ұйымдарының қызметіне оқушылардың қатысуы; олимпиадаларды, жобаларды, сайыстарды, акцияларды, фестивалдарды, спорттық сайыстарды ұйымдастыруы және

оларға қатысуы;

Жалпы мектеп ұжымы оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарға және спорттық сайыстарға қатысуын тиімді ұйымдастыра біледі.

Оқушылар жетістігі:

2025 жылы 3 «А» сынып оқушысы Ибраев Айсұлтан Халықаралық балаларды қорғау күніне орай өткізілген қалалық жүзуден топаралық жарыста II орын иеленді. 2025, 2026 жылдары екі жыл қатарынан қалалық Жүзуден топаралық жарыста Ибраев Айсұлтан III орын иеленді. 4 «А» сынып оқушысы Нұрғали Әділетхан 27 кг салмақ дәрежесінде таеквандодан жастар арасындағы ашық біріншілікте III орынды иеленді.

«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша 2024-2025 оқу жылынның жылдық жоспар толық жүргізілді.

2025-2026 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмыстары

Тәрбие жұмысының мазмұны, түрлері мен әдістемелері; педагогикалық кеңесте, алдын алу кеңесінде, сынып жетекшілер кеңесінде, ата-аналар комитеті отырысында тәрбие жұмысының мәселесін қарау, тәрбие жұмысының нәтижелігін қарастыру.

Мектептегі 9 сыныпқа мектеп директорының бұйрығымен сынып жетекшілер бекітілді. Жас сынып жетекшілерге әдістемелік көмектер көрсетілді.

2025-2026 оқу жылының басында сынып жетекшілермен пікірлесе отырып сыныптардағы тұрмысы төмен, аз қамтамасыз етілген отбасы баларының есебі алынды.

Мектеп оқушыларының отбасының әлеуметтік жағдайын зерттеу жұмыстары жүргізіліп, төмендегі отбасы балаларының санаты анықталды

Оқушы саны	Аз қамтылған отбасы балалары	Толық емес отбасы	Оның ішінде		Өгей әке отбасында тәрбиеленіп отырған бала	Өгей ана тәрбиеленіп отырған бала саны	Көп балалы	Жалдамалы пәтерде тұратын	Жетім ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар саны
			Ата-анасының бірі қайтыс болған	Некесіз туылған					
144	3	21	2				32	1	1

Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі:

Мектепте оқушылар үш мезгіл ыстық тамақпен 100 % қамтылған.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстары (мектепішілік үйірмелер бағыттары, саны, қамтылған бала саны) , мектептен тыс үйірмелерге қатысуы. 1-4 сыныптар бойынша оқушылар үйірмелер мен секцияларға қатысады.

Оқушылар бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепішілік 7 түрлі үйірме жұмыс жасайды.

1 Би үйірмесі: Тінекей Жансая - 89 оқушы
2. Домбыра үйірмесі: Досқали Дәулет - 31 оқушы
3 Вокал үйірмесі: Абдуллаева Галия - 38 оқушы
4. Робототехника үйірмесі: Бодық Таңшолпан - 101 оқушы
5.Таэквандо жетекшісі: Серік Мендешұлы - 52 оқушы
6 Шахмат үйірмесі – Әзілхан Даир - 49 оқушы
7 Ағылшын үйірмесі – Ермағанбетова Жансая -85 оқушы

Жалпы үйірмеге 100% оқушы қамтылған.

№	Мектепішілік спорттық секциямен қамтылған оқушы саны	Мектепішілік пәндік бағытындағы үйірмелермен қамтылған оқушы саны	Мектепішілік өнер бағытындағы үйірмелер мен қамтылған оқушылар саны	Мектептен тыс спорттық секцияға қатысатын оқушы саны	Мектептен тыс оқу пәндік бағытындағы үйірмелермен қамтылған оқушы саны	Мектептен тыс өнер бағытындағы үйірмелермен қамтылған оқушылар саны
1	85	144	130	10	9	12

1 қыркүйек – «Білім күні» – әрбір адамның жүрегіне жақын, мәні терең, мазмұны зор ерекше мереке.

Мектебімізде білім күніне арналған «МЕКТЕБІМ - МЕЙІРІМ МЕКЕНІ» атты салтанатты жиын болып өтті. Салтанатты жиында мектеп директоры ұстаздар мен ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап, білім ордасының жеткен жетістіктеріне тоқталды.

Жаңа оқу жылы қарсаңында «Абайлаңыз – балалар!» атты жедел-

профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

Іс-шараның басты мақсаты – мектеп жасындағы балалардың қатысуымен орын алатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу, сондай-ақ оқушылардың жолда жүру ережелерін білуі мен оларды іс жүзінде қолдану дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, балалардың жолда жарақат алуы мәселесіне ата-аналар, жүргізушілер мен мұғалімдердің назарын аудару көзделген.

Балаларға жол қауіпсіздігіне арналған суреттер салдырылып, оларды бояу арқылы жол белгілерін есте сақтауға бағытталған танымдық жұмыс ұйымдастырылды.









«Дене жаттығуы – сергек ойдың бастауы» жаттығу сәті

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасына сәйкес, 2025 жылғы 9 қыркүйектен бастап барлық сыныптарда сабақ басталар алдында дәстүрлі түрде 3 минуттық қысқа дене жаттығулары өткізілуде.

Бұл жаттығулар оқушылардың денсаулығын нығайтып, бой сергіту арқылы оқу күніне белсенді әрі көтеріңкі көңіл-күймен кірісуіне ықпал етуде. Сонымен қатар, бұл бастама балалардың зейінін шоғырландырып, сабаққа деген ынтасын арттыруға оң әсерін тигізуде.

		   Мектепте 5 қыркүйек күні Қазақстан халқының тілдер мерекесіне орай **"Жасай бер, ана тілім - қазақ тілі "** тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. өткізілді. Оқушылардың үш тілде мәнерлеп өлең оқуы, көріністер көрсетуі, ән-жыр орындауы және сахналық қойылымдар ұсынылды. Сынып сағатына сынып оқушылары белсенді қатысты.    **"Отбасым бақыт мекенім"** тақырыбындағы тәрбие сағаты өткізілді.Тәрбие сағатының мақсаты отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру. Сол мақсатқа жету үшін балалар бірлесе отырып, жұмыс жасады.Сұрақтарға жауап беріп ,бақытты жанұяның суретін салды.Үлкенге құрмет ,кішіге ізет көрсету керектігі туралы айтылды.	Тәрбие жұмысының қмж-сы	https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=290





ҰСТАЗ –ҰЛЫ ТҰЛҒА

Ұстаз – білімнің шырағы, ұлт болашағын тәрбиелейтін ардақты тұлға.

Ұрпақ тәрбиесіндегі өлшеусіз еңбегі тарихта алтын әріппен жазылатын қасиетті мамандық иесі.

Осыған орай « ҰСТАЗ АТЫ МӘҢГІЛІК, ЖАДЫМДА ҚАЛАР ЖАҢҒЫРЫП… » атты мерекелік шара ұйымдастырылды.

Шара барысында шәкірттер жүрек тебірентер көріністер қойып, ән мен жырдан шашу шашты.







«Менің елім – менің мақтанышым» мәнерлеп оқу сайысы

Бүгін мектебімізде 25 қазан Республика күніне орай 3-4 сынып оқушылары арасында Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру,тіл байлығын дамыту мақсатында «Менің елім – менің мақтанышым» атты мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Жас ұрпақ туған жерге деген құрметін жүрекжарды жырларымен жеткізді. Оқушылардың сахна мәдениеті, сөз мәнері,дауыс ырғағы сайыс барысында жоғары бағаланып, олар өз елін зор мақтанышпен жырлады.

Сайыс қорытындысы бойынша оқушылар 1, 2, 3 орындарға ие болып, алғыс хаттармен марапатталды.








«Мектеп театры» жобасы аясында 3-сынып оқушылары ертегілер әлеміне саяхат жасап,өздерінің қиял-ғажайып дүниесіне бойлап, сахналық өнер мен шығармашылық қабілеттерін тамаша көрсете білді.

Ж. Ахметованың ұйымдастыруымен өткізілді.

Балалар рөлдеріне үлкен жауапкершілікпен қарап, кейіпкерлердің бейнесін шынайы жеткізді. Көрермендер қойылымнан ерекше әсер алып, жылы лебіздерін білдірді.

		   **Жаңа жыл — жүректерге жылу сыйлаған сәт!** Мектебімізде Жаңа жыл мерекесіне орай ерекше мерекелік кештер өткізілуде Мектеп директорының құттықтауы мен балаларға арналған сыйлықтар шаттық пен қуанышқа толы сәттерге ұласты. Жүздердегі күлкі, жүректердегі үміт – ең үлкен сый!    **МЕКТЕПІШІЛІК АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ** «Отбасы мен мектеп — бала тәрбиесінің қос тірегі» тақырыбында мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті.	Тәрбие жұмысының анықтамасы	https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=289

		Жиын мақсаты – бала тәрбиесінде отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту, оқу сапасын арттыру.«Бала жетістігі – бірліктің жемісі, кемшілігі – бірлесіп түзететін міндет» деген ұстаным негізінде маңызды мәселелер талқыланды.    **«Досболлайк» жобасының жүзеге асырылуы аясында** **«Дос болайық бәріміз»** тақырыбында 4-сынып оқушылары арасында мазмұнды кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушылар достықтың маңызы, өзара сыйластық пен қолдау туралы ой бөлісіп, бір-біріне деген алғыстарын білдірді Іс-шара жылы атмосферада өтіп, қатысушыларға жағымды әсер қалдырды.		




«Біз таланттарды іздейміз!» мектепішілік байқау.

Мектебімізде «Шабыт» жобасы аясында таланттар байқауының іріктеу кезеңі жоғары деңгейде өтті

Қатысушылар ән айту, би, көркем сөз және өзге де бағыттар бойынша өз өнерлерін ортаға салды.

Әрбір өнер көрсетілімінен талант, шынайылық пен шығармашылық айқын сезілді

		   «Бастауыш – білім шыңына бастар алғашқы баспалдақ» апталығы аясында ерекше әрі әсерлі шара өтті! 4-сынып оқушылары арасында мектеп мұғалімі Д.Әзілханның ұйымдастыруымен **«Толағай»** эстафеталық сайысы өткізілді. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен жарыста әрбір оқушы өз шапшаңдығын, ұйымшылдығын және жеңіске деген құлшынысын көрсете білді. Сайыс өте қызықты, тартысты әрі көңілді өтті! Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен марапатталды.	Тәрбие жұмысының іс-шарасы	https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=290

		   **"Ана көрікті қызымен, Қызы жүрер ізімен"** тақырыбында ана мен қыз арасындағы ерекше сайыс ұйымдастырылды. Бұл сайыстың басты мақсаты – ана мен қыз арасындағы сыйластықты, мейірімділікті, ұлттық тәрбиені дәріптеу және отбасы құндылықтарын насихаттау. Сайыс барысында қатысушылар өз өнерлерін көрсетіп, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды таныстырып, түрлі қызықты тапсырмаларда бақ сынады. 1 «Ә» сынып оқушысы Қайратқызы Каусар, анасы Абдикаримова Салтанат «Бас жүлде» иеленді.	Тәрбие жұмысының іс-шарасы	https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=290





14 НАУРЫЗ – АМАЛ, КӨРІСУ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! 🌿

Амал мерекесі – Көрісу күні ерекше аталып өтті. Мерекелік шараны мектеп директоры Қ. Жұмабекова ашып, ұстаздар мен оқушыларды Көрісу күнімен құттықтады.

Шара барысында 2- сынып ұстаздары мен ата-аналар ыстық бауырсақ пісіріп, оқушыларға таратты. Балалар дастарханнан дәм татып, бір-бірімен көрісіп, амандық-саулық тіледі.







18 наурыз – Ұлттық киім күні 🇰🇿

Ұлттық киім күніне орай ерекше шара – ұлттық киімдер шеруі өтті.

Ұлттық киім – халқымыздың бай тарихы мен мәдениетінің, салт-дәстүрі мен дүниетанымының айқын көрінісі. Бүгінгі күні оқушылар мен ұстаздар дәстүрлі киімдерді киіп, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, өздерінің бірегей болмысын көрсете білді.





Қош келдің, Әз Наурыз !

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында мектебіміздің оқушыларының ұйымдастыруымен мерекелік шара өткізілді.
Кеш барысында әсем ән мен керемет би, әсерлі күй мен мағыналы көріністер үйлесім тауып, көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлады. ✨

Іс-шараның басты мақсаты – қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ұлттық құндылықтарын дәріптеп, жас ұрпақты ата-баба мұрасын құрметтеуге тәрбиелеу.





Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай мектебімізде ұлттық спорт ойындары ұйымдастырылды. Оқушылар қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін насихаттай отырып, түрлі ойындарға белсене қатысып, өздерінің ептілігі мен күш-жігерін көрсетті.

Іс-шара барысында қазақ күресі, асық ату, арқан тарту сияқты ұлттық ойындар өткізіліп, оқушылар мерекелік көңіл күйде жарысқа түсті. Жеңімпаздар арнайы марапаттарға ие болды.

Мұндай шаралар жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырып, салт-дәстүрімізді дәріптеуге үлкен үлес қосады.





Мектебімізде 13 сәуір мен 17 сәуір күндері **«Білім еліне саяхат»** сынып жетекшілер апталығы ұйымдастырылды. Сынып жетекшісі – тек тәрбиеші емес, ол оқушының бағыт-бағдарын айқындайтын тұлғалық дамуына жол ашатын мектеп пен ата-ана арасындағы алтын көпір

Осы апталық аясында әр сыныпта ашық тәрбие сағаттары, қызықты кездесулер, шығармашылық іс-шаралар мен тәжірибе алмасу алаңдары өтеді.

Мақсатымыз – әр оқушының жүрегіне жол табу, оның әлеуетін ашу және қолдау көрсету!





		“1 мамыр- Ынтымағы жарасқан туған өлкем Қазақстан” мерекесіне орай мектебімізде 1-4 -сыныптар арасында тәрбиелік мазмұндағы іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – оқушылар арасында достық пен бірлікті нығайту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.    **ЕРЛІК ПЕН ЕҢБЕК ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН!** Мектебімізде 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.Мерекелік кеш барысында оқушыларымыз Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық рухты дәріптейтін әндер шырқап, мың бұрала би билеп, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Әрбір өнер нөмірі көрермен жүрегінен орын алып, ерекше әсер қалдырды. **Шараның басты мақсаты –** ел тыныштығы мен бейбіт өмір жолында еңбек еткен аға буын ерлігін ұлықтау, жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиет қалыптастыру. Мерекелік шара жарқын естеліктерге толы болып, оқушылар мен ұстаздарға рухани әсер сыйлады.	Тәрбие жұмысының анықтамасы Тәрбие жұмысының сынып сағаты	https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=289 https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=290







ҚАУІПСІЗДІК САБАҚ

ҚР Оқу ағарту министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылы 31тамыздағы №748 қаулысымен бекітілген «Балаларды зорлық - зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар аясында мектебімізде «ҚАУІПСІЗДІК САБАҚТАРЫ» болып өтті.


Қауіпсіздік сабақ барысында:

✅Төтенше жағдайлар туындағанда әрекет ету алгоритімі;

✅Оқушылармен профилактикалық әңгімелер;

✅Балалардың жол жарақаттануының алдын алу ;

✅Ішкі тәртіп және ішкі тәртіпті сақтау жолдары түсіндірілді.

		   **Мектеп үздіктері ШЕРУІ** 2025–2026 оқу жылының қорытындысына арналған «Жұлдыздар жарқырайды» атты салтанатты марапаттау кеші ұйымдастырылды. Бұл шараның негізгі мақсаты – білімде, өнерде, спортта және шығармашылық бағытта жоғары жетістіктерге қол жеткізген оқушыларды марапаттау, олардың табыстарын кеңінен таныстыру және өскелең ұрпақты жаңа асуларды бағындыруға жігерлендіру. Салтанатты жиын барысында: • Республикалық, облыстық және мектепішілік пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері; • «Абай оқулары»«Мың бала», «Мақатаев оқулары» республикалық байқау жеңімпаздары; • Шығармашылық және өнер байқауларының жеңімпаздары; • Спорттық жарыстарда топ жарған оқушылар марапатталды.	Тәрбие жұмысының анықтамасы	https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=289






«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша 2025-2026 оқу жылынның жылдық жоспар толық жүргізілді.

2026-2027 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмыстары

Тәрбие жұмысының мазмұны, түрлері мен әдістемелері; педагогикалық кеңесте, алдын алу кеңесінде, сынып жетекшілер кеңесінде, ата-аналар комитеті отырысында тәрбие жұмысының мәселесін қарау, тәрбие жұмысының нәтижелігін қарастыру.

Мектептегі 7 сыныпқа мектеп директорының бұйрығымен сынып жетекшілер бекітілді. Жас сынып жетекшілерге әдістемелік көмектер көрсетілді.

2026-2027 оқу жылының басында сынып жетекшілермен пікірлесе отырып сыныптардағы тұрмысы төмен, аз қамтамасыз етілген отбасы баларының есебі алынды.

Мектеп оқушыларының отбасының әлеуметтік жағдайын зерттеу жұмыстары жүргізіліп, төмендегі отбасы балаларының санаты анықталды

Оқушылардың саны	Толық емес отбасы	Оның ішінде	Өгей	Өгей	Көп балалы	Жалғыз басты	Жетім

			Ата-анасының біреуі қайтыс болған	Некесіз туылған					
113	2	26	2				29	1	1

Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі:
Мектепте оқушылар үш мезгіл ыстық тамақпен 100 % қамтылған.
Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстары (мектепішілік үйірмелер бағыттары, саны, қамтылған бала саны) , мектептен тыс үйірмелерге қатысуы. 1-4 сыныптар бойынша оқушылар үйірмелер мен секцияларға қатысады.
Оқушылар бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепішілік 7 түрлі үйірме жұмыс жасайды.
1 Би үйірмесі: Тінекей Жансая - 89 оқушы
2. Домбыра үйірмесі: Досқали Дәулет - 31 оқушы
3 Вокал үйірмесі: Абдуллаева Галия - 38 оқушы
4. Робототехника үйірмесі: Бодық Таңшолпан - 101 оқушы
5.Таэквандо жетекшісі: Серік Мендешұлы - 52 оқушы
6 Шахмат үйірмесі – Әзілхан Даир - 49 оқушы
7 Ағылшын үйірмесі – Ермағанбетова Жансая -85 оқушы

Жалпы үйірмеге 100% оқушы қамтылған.

№	Мектепішілік спорттық секциямен қамтылған оқушы саны	Мектепішілік пәндік бағытындағы үйірмелермен қамтыл	Мектепішілік өнер бағытындағы үйірмелер мен қамтылға	Мектептен тыс спорттық секцияға қатыса	Мектептен тыс оқу пәндік бағытындағы үйірмелермен қамтылған оқушы саны	Мектептен тыс өнер бағытындағы үйірмелермен қамтылға оқушылар

	ған оқушы саны		н оқушылар саны	тын оқушы саны		саны	
1	85	144	130	10	9	12	

2026-2027 оқу жылында «Адал азмат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жоспар жасалып, қыркүйек, қазан айларында тәрбие жұмыстары жүргізілді.

«1 қыркүйек Білім күніне» байланысты іс-шара жоспары жасалынып, жұмыстар атқарылды. Бала үшін де, ата-ана мен мұғалім үшін де дәстүрлі форматтан артық ештеңе жоқ . Мектебімізге 34 оқушы 1- ші сыныпқа қабылданды .Оқушылар тақпақ айтып,би билеп ата-аналар ыстық лебіздерін білдірді.






Тәрбие жұмысының іс-шарасы

https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=287

1- қазан Қарттар күніне орай «Қарттар асыл қазынам» мектепте мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – үлкенді құрметтеу, қарт адамдарға сыйластық таныту, оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Шара барысында оқушылар қарияларға арнап өлеңдер оқып, ән айтып, жылы лебіздерін білдірді. Қарттарға құрмет көрсетіліп, мерекелік көңіл күй сыйланды.

Тәрбие жұмысының іс-шарасы

https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=292

		Ұстаз– шәкірт жүрегіне білімнің шырағын жағып, ізгілік пен адамгершіліктің дәнін себетін, ұрпақ болашағына бағыт-бағдар беретін ардақты тұлға. Ұстаз еңбегі – өлшеусіз, өнегесі – мәңгілік. Мектебімізде осынау ұлағатты мамандық иелеріне құрмет көрсету мақсатында мектебімізде **«Ұстазым- ұлағатым, үлгі өнегем»** атты мерекелік шара ұйымдастырылды. Мерекелік кеш барысында шәкірттер ұстаздарына деген ыстық ықыласы мен алғысын жүрекжарды жырлары, әсем әндері және әсерлі көріністері арқылы жеткізді. Әрбір өнер нөмірі ұстаз еңбегіне деген құрметті айшықтап, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.    **15 қазан күні «Жолда жүру ережесі»** тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға жолда жүру ережелерін түсіндіру, жол қауіпсіздігін сақтау және жол-көлік оқиғаларының алдын алу. Сабақ барысында жол белгілерімен таныстырылып, бағдаршамның түстері мен жаяу жүргіншілердің міндеттері түсіндірілді. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, сұрақтарға жауап берді. **25 қазан - Республика** күні мерекесі білім ошағында ерекше аталып өтті. Елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күнде көк туымыз асқақ желбіреп, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні шырқалды. Адамзат тарихында қилы-қиямет оқиғалармен, дүбірлі даму үрдісімен ерекше орын алған өз Отанының патриоты болуға, ата-анасын құрметтеуге, білімге табандылықпен ұмтылуға ұстаздар қауымының алдында ант берді.	Тәрбие сағатының анықтамасы Тәрбие сағатының анықтамасы	https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=287 https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&i

		   **Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс** – бала тәрбиесіндегі отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған маңызды жұмыстардың бірі.Ата-аналармен жұмыс барысында отбасымен тығыз байланыс орнату, оқушылардың тәртібі мен оқу үлгерімін бақылау, бала тәрбиесіндегі ата-аналардың жауапкершілігін арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Жұмыс барысында: Ата-аналар жиналыстары өткізілді. Жеке ата-аналармен әңгімелесу жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың сабаққа қатысуы мен тәртібі талқыланды. Отбасындағы бала тәрбиесіне қатысты кеңестер берілді. Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілді. Мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту бағытында жұмыстар атқарылды. Психологиялық қызмет келесідегідей бағытта үздіксіз жүргізілуде: Психодиагностикалық бағыт – білім алушылардың психологиялық – педагогикалық зерделеу негізінде тұлғалық ерекшеліктерін анықтау; - Психопрофилактикалық бағыт – ата – аналар мен білім алушылардың, мұғалімдердің жалпы психологиялық білімін жетілдіру; - Психокоррекциялық бағыт – білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуында өзгеріс бар жағдайда, психологиялық тұрғыда ықпал ету арқылы өзін –	Ата-анамен жұмыс https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=25 Психолог жоспары, анықтамасы,есебі	d=287

		өзі тәрбиелеу және өзін – өзі дамыту қабілетін қалыптастыру; - Психологиялық ағарту – салааралық мамандармен бірігіп психологиялық тренинг пен коучингтер өткізу; - Психологиялық кеңес беру – психологиялық мәселелерді шешуде және оқу – тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата – аналар мен білім алушыларға, педагогтерге консультациялық көмек көрсету. **2024–2025 оқу жылында жүргізілген психологиялық қызмет** Оқу жылы барысында бастауыш сынып оқушыларының психологиялық саулығын сақтау, мектепке бейімделуін бақылау, танымдық қабілеттерін дамыту және жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру бағытында жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Психологиялық бағыт бойынша 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау, 2–4-сынып оқушыларының оқу мотивациясын, танымдық процестерін, эмоционалдық жағдайын және қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары жүргізілді. - **Психологиялық тестілеу нәтижелері:** Зерттеу нәтижелері бойынша оқушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, қосымша психологиялық қолдауды қажет ететін балалармен жұмыс жоспарланды. 1 – сынып оқушыларынан мектепке бейімделу деңгейін анықтау мақсатында «Керн-Йерасек» тесті алынды. Тест нәтижесі бойынша төмендегідей көрсеткіш көрсетті:  - Түзету-дамыту жұмыстары бағыты бойынша Оқушылардың зейінін, есте сақтауын, логикалық ойлауын, өзіне деген сенімділігін және қарым-қатынас дағдыларын дамыту мақсатында «Жылы сөздер», «Достық шеңбері», «Не өзгерді?», «Артық затты тап», «Көңіл күй түстері» сияқты жаттығулар	https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=41	

өткізілді.

- Оқушылар арасында буллингтің алдын алу, достық пен сыйластықты қалыптастыру, эмоцияларды дұрыс жеткізу және жанжалдарды бейбіт жолмен шешу тақырыптарында профилактикалық жұмыстар жүргізілді.
- Ата-аналар мен сынып жетекшілеріне балалардың жас ерекшеліктері, мектепке бейімделуі, оқу мотивациясы және эмоционалдық қолдауы бойынша кеңестер берілді. Қажет болған жағдайда оқушылармен жеке әңгімелесу ұйымдастырылды.

Оқу жылы барысында жүргізілген психологиялық жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімделуін қолдауға, танымдық қабілеттерін дамытуға және сыныптағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталды. Психологиялық диагностика нәтижелері негізінде оқушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, қажетті қолдау көрсету жұмыстары жүргізілді.

№	Психологиялық зерттеу бағыты	Қамтылған сыныптар	Оқушылар саны	Негізгі нәти
1	Мектепке бейімделу диагностикасы	1-сынып	46	Бейімделу деңгейлері а
2	Танымдық процестерді зерттеу	1–4-сыныптар	140	Зейін, есте сақтау, ойл ерекшеліктері зерделе
3	Оқу мотивациясын анықтау	1–4-сыныптар	139	Оқуға қызығушылық д анықталды
4	Эмоционалдық жағдайды зерттеу	1–4-сыныптар	142	Эмоционалдық қолдау қарастырылды
5	Қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу	1–4-сыныптар	142	Сыныптағы өзара қары ерекшеліктері анықтал
6	Жекепсихологиялыққе ңесберу	1–4-сыныптар	141	Жекеқолдаукөрсетілді
7	Түзету-дамытусабақтары	1–4-сыныптар	142	Дамытушылықжаттығ лді

2025–2026 оқу жылында жүргізілген психологиялық қызмет

2025–2026 оқу жылында бастауыш сынып оқушыларының психологиялық саулығын сақтау, мектепке бейімделуін бақылау, танымдық қабілеттерін дамыту және жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру бағытында жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

Бастауыш сыныптарда барлығы **144 оқушы**, оның ішінде 1-сыныпта **30 оқушы** білім алады..

Оқу жылы барысында 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін, оқуға дайындығын анықтау мақсатында Керн-Йерасек тесті өткізілді. Сонымен қатар 1–4-сынып оқушыларының танымдық процестерін, оқу мотивациясын және эмоционалдық жағдайын зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Керн-Йерасек тестінің нәтижелері:

№	Көрсеткіштер	Оқушы саны
1	**Тестке қатысқан 1-сынып оқушылары**	**30**
2	Мектепке оқуға дайындығы жоғары оқушылар	15
3	Оқуға дайындығы орташа деңгейдегі оқушылар	10
4	Қосымша қолдауды қажет ететін оқушылар	5

Тест нәтижелері бойынша оқушылардың мектепке оқуға дайындығы мен жеке ерекшеліктері талданып, қажет болған жағдайда қосымша психологиялық қолдау көрсету жұмыстары жоспарланды.

2–4-сынып оқушылары арасында сыныптағы өзара қарым-қатынасты, балалардың бір-біріне деген көзқарасын және ұжымдағы эмоционалдық ахуалды анықтау мақсатында «Саған қалай қарайды?» тақырыбындағы психологиялық тест жүргізілді. Нәтижелері бойынша оқушылардың қарым-қатынас ерекшеліктері қарастырылып, қажет болған жағдайда жеке қолдау көрсету жұмыстары жоспарланды.

2025–2026 оқу жылында бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімделуін қолдау, танымдық қабілеттерін дамыту және жағымды психологиялық орта қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілді.

Керн-Йирасек тесті арқылы 1-сынып оқушыларының мектепке оқуға дайындығы зерттелді. Педагогтер арасында психологиялық тестілеу өткізіліп, олардың психологиялық жағдайын қолдау бағыттары қарастырылды.

Тестке қатысқан 1-сынып оқушылары	**30**
Мектепке оқуға дайындығы жоғары оқушылар	15
Оқуға дайындығы орташа деңгейдегі оқушылар	10
Қосымша қолдауды қажет ететін оқушылар	5

2026–2027 оқу жылында жүргізілген психологиялық қызмет

«Білім беру ортасындағы тұлғааралық қатынастардың сапасы» сауалнамасының нәтижелерін талдау

2026–2027 оқу жылында педагогикалық ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынастың сапасын, өзара сыйластық пен сенім деңгейін, кәсіби ынтымақтастықты және ұжымдағы психологиялық ахуалды анықтау мақсатында «Білім беру ортасындағы тұлғааралық қатынастардың сапасы» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 12 педагог қатысты. Сауалнама нәтижесі төмендегідей:

№	**Қарым-қатынас деңгейі**	**Педагог саны**	**Көрсеткіш**
1	Жоғары деңгей	8	66,7%
2	Орташа деңгей	3	25%
3	Төмен деңгей	1	8,3%
Барлығы		**12**	**100%**

Нәтижені талдау көрсеткіштері бойынша педагогтердің басым бөлігінде тұлғааралық қарым-қатынастың жоғары деңгейі байқалады. Бұл өзара сыйластықты, әріптестермен ынтымақтастық орнатуды және ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастырудың маңыздылығын көрсетті.

Керн–Йерасек әдістемесі бойынша мектепке психологиялық дайындық деңгейін анықтау нәтижелері

2026–2027 оқу жылында бірінші сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын анықтау мақсатында Керн–Йерасек әдістемесі

бойынша диагностикалық жұмыс жүргізілді. Зерттеуге барлығы 33 оқушы қатысты.

Диагностика барысында балалардың қолдың ұсақ моторикасының даму деңгейі, көру арқылы қабылдауы, ойлау қабілеті және мектепте оқуға жалпы психологиялық дайындығы бағаланды.

Нәтижесі:

№	Психологиялық дайындық деңгейі	Оқушы саны		Көрсеткіш		Жалпы көрсеткіш
		1а	1ә	1а	1ә	
1	Жоғары деңгей	8	7	50%	41,2%	45,5%
2	Орташа деңгей	5	6	31,3%	35,3%	33,3%
3	Төмен деңгей	3	4	18,7%	23,5%	21,2%
Барлығы		**16**	**17**	**100**%	**100**%	**100**%

6	**Оқу материалдық активтер**	**Ғимарат туралы мәлімет;** • Мектеп ғимараты типтік негізде, үш қабатты 2020 жылы салынған. Жалпы алаңы 1388,4 ш/м. Жобалық қуаты 160 орындық. Мектеп заңды тұлға ретінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2020 жылдың 22 қыркүйегінде мемлекеттік тіркеуден өткен, • Білім беруге құқықтық лицензия: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті. Лицензия №KZ75LAA00025332 , лицензия берілгенкүні 10.03.2021ж; • https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=31 • «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің қорытындысы 09.09.2021;(№N 08.X.KZ63VWF00047524); https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=37 17.11.2025 жылы Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит қорытындысы берілген. https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=36 Әлеуметтік тұрмыстық санитариялық торап бірінші қабатта - 2 нүктеде, 2-	Білім беру үдерісін.материалдық –техникалық қам.з ету туралы мәліметтер 9-қосымша https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=178 Мектеп жабдықтары мен жиһаздары https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=31 Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті өрт қауіпсіздігі	

		қабатта- 8 нүктеде, 3-қабатта- 7 нүкте орналастырылған. Қол жуу раковиналары- 11 дана, Унитаз- 17 дана. Әр торап су жылытатын құрылғымен қамтамасыз етілген. Жеті сыныпта 7 қол жуу раковиналары, асханада 3 қол жуу раковиналары, мед кабинетте 1 қол жуу раквиналары, барлығы 22 қол жуу раквиналары орнатылған. https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=169 Мектепте арнайы жасақталған күзет қызметі тәулігіне 12 сағат қызмет атқарады. ЖШС «АБС -КҮЗЕТ» мекемесімен 01.01.2026 жылғы, № 240/16-26 келісім шартқа отырған. Күзетші – Омаров Тұрмағанбет. Еңбек өтілі 13 жыл. Күзет куәлігі № КО 371/26. Тіркеу 210021; Күзет дабыл түймесі ОБЖ-ға (ЦОУ) қосылған. АКТ 21.09.2026 жасалған. https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=447 https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=168 Акт зал- 70,3 ш/м. Спорт зал-1, 72,2 ш/м. Спорт залға қосымша ер балаларға арналған киім ауыстыратын 6,8 шаршы мерт бөлме бар. Тиісті құралдармен қамтылған. Аулада балалар ойын алаңы- 1 (250,8 ш/м). Кітапхана-1 (21,8 ш/м). Асхана –1, (73,9 ш/м). Педагог-психолог кабинеті- 1 (18,8 ш/м), 9 оқу кабинеті бар. Бастауыш - 9 кабинет 458,8 ш/м. Информатика- 1 кабинет 36,5 ш/м. https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=170 Бейнебақылау жалпы саны-18 дана, ғимарат ішінде–13 дана, ғимарат сыртында 5 дана орналасқан, 13 дана бейнебақылау ОБЖ-ға (ЦОУ) қосылған. https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=168 **Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер;** Мектепте жабдықталған оқушыларға медициналық қызмет көрсетуге арналған 1 кабинет жұмыс жасайды. Медициналық кабинет – 21,8 ш\м.	саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актісі https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=36 АБС- Күзет келісім-шарт https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=447 Террорситік осал обьек..ң терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспорты https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=34 Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету шарты https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=445 Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес келетін	

		30.10.2020 жылы №20016378 лицензия берілген. Амбуляториялық емханалық көмек, алғашқы медициналық – санитариялық көмек, дәрігерге дейінгі көмек көрсетіледі. Медициналық кабинет барлық құрал-жабдықтармен жабдықталған (кушетка, ширма, бой өлшегіш, салмақ өлшегіш, тоңазытқыш, медициналық шкафтар). Алғашқы көмек көрсету медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Медициналық қызметке арналған кабинетте -1 медбике қызмет атқарады. Балтабаева Айдана еңбек өтілі – 14 жыл. Маман сертификаты 30.06.2025 жылы алынған. Тіркеу №KZ15VBM029124847 Сертификаттың жарамды уақыты 30.06.2030 жылға дейін. https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=179 **<u>Білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздармен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандырылуы туралы мәліметтер;</u>** ҚР білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» №70 бұйрығына сәйкес жалпы мақсаттағы үй-жайларын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес жабдықталған.Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлердің болуы, оқу пәндік кабинеттерінің және оқытудың техникалық құралдарының болуы туралы мәліметтер9-қосымша сәйкес жолданды. **<u>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайдың болуы;</u>** Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай жасалынған. Кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары орналастырылған, баспалдақтар мен пандустар тұтқалармен жабдықталған. Тактилді жолақ, тактилді плитка төселіп, пайдалануға арналған арнайы санитарлық тораптар (әжетхана, раквина) орнатылған. Мектеп асханасы ғимараттың 1-қабатында орналасқан. Асхананың сыйымдылығы 50 орындық. Асхананың тамақтанатын аумағы 73,9 шаршы метр, ыдыс жуатын бөлмесі 11,1 шаршы метр және қосымша 4,5 шаршы метр қоймасы және дәлізі 4,8 шаршы метрде орналасқан. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту үшін асхана құрал-жабдықтармен жабдықталған. Тамақтану үстелі-10 дана, орындық 50 дана, мұздатқыш-1 дана, тоңазытқыш-1 дана, Үлкен	тамақтану обьектісінің болуы туралы 11-қосымша https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=180 Санитарлық эпидемиологиялық қорытынды https://ozat-school.edu.kz/file.php?t=doc&id=37 Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлердің болуы, оқу зертханаларының, оқу пәндік кабинеттерінің және оқытудың техникалық құралдарының болуы туралы мәліметтер 9-	

		ыдыс аяқ кептіретін сөре-1 дана, ыдыс жуу нүктелері (Мойка)- 3 дана, Аристон 50 л - 1 дана, 3-сөрелі электр пеш, 6 конфорлық өндірістік плита-1. Нан сақтайтын шкаф, көкөністерге арналған стеллаждар, ыдыс- аяқтар бар, жағдайы жақсы. Асхана жалға берілмеген.Ауыз сумен қамтамасыз ету режимі санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес ұйымдастырылған. Барлық сынып бөлмелеріне оқушылардың таза ауыз суға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «АкваЛайн» маркалы бөтелкедегі ауыз суға арналған диспенсерлер орнатылған. Оқушылар ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етілген, санитарлық талаптардың сақталуы бақылауда. **Өлшемшарттың 9–қосымшасына сәйкес, жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздар тізбесі қойылған талаптарға сәйкес келеді.**	қосымша https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=178 https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=201 Медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы, оның ішінде медициналық пункттің және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы мәліметтер 10-қосымша Медициналық қызметке лицензия Медициналық қызметке лицензия https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=179 11- қосымша https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=180	

7	**Оқу-әдістемелік және ақпарттық ресурстар**	**<u>Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып , білім беру мазмұнына өлшемшарттар:</u>** Мектеп **к**ітапханасының жалпы ауданы- 21,8 ш/м, 1 кабинетте орналасқан. Сонымен қатар кітап сақтайтын ауданы 6,1 ш/м болатын қойма бар. Кітапхана диван, үстел,кітап сөресі және орындықтармен қамтамассыз етілген. Кітапхананың біржақ қабырғасында 2 сөре, оқу залындағы орын саны- 10. Сонымен қатар кітапханада 2 компьютер орналасқан, интернет желісімен қамтамасыз етілген. Оқулықтар ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқу басылымдарына сай, білім беру бағдарламасына сәйкес келеді.	Кітапхана , 12-қосымша	https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=38

		Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер: 2024-2025 оқу жылындағы мектеп кітапханасының жалпы қоры – 970, көркем әдебиет – 120, қазақ тіліндегі оқулық саны – 850. 2025-2026 оқу жылындағы мектеп кітапханасының жалпы қоры – 1150, оның ішінде көркем әдебиет - 140, қазақ тіліндегі оқулық саны – 1290. 2026-2027 оқу жылындағы мектеп кітапханасының жалпы қоры – 1236, оның ішінде көркем әдебиет- 245, қазақ тіліндегі оқулық саны – 1481. Кітаптар қоры жеткілікті. Кітапханада тұрақты кітап көрмелері ұйымдастырылып отырады. 2026-2027 оқу жылында мектеп кітапханасында педагогтер мен білім алушыларға қолайлы орта құру мақсатында жұмсақ жиһаздармен, қолжетімді сөрелермен, қызықты көркем әдебиеттермен жабдықталған. «12 ай - 12 кітап» жобасы аясында оқырмандар жұмыс жасайды. Әртүрлі кездесулер мен даталы күндерге байланысты тақырыптардағы әртүрлі іс-шаралар жүргізілді.. Қалалық № 20 кітапханамен үздіксіз бйланыс жасап отырады. Айына 50 дана кітап алып сыныптарға бөліп беріледі. Әр аптаның жұма күні «Кітап оқу» күні болып белгіленген. **Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер.** Мектепте компьютерлік 1 сынып кабинеті бар. Онда 14 компьютер орналасқан. Жалпы 20 компьютер бар. Сонымен қатар 10 робототехника жабдығы бар. Интерактивтік панель-1 дана. Барлығы интерактивті панел - 6 дана.«Қазақтелеком» АҚ-мен жасалған келісім-шарт жасалды , интернет желісінің жылдамдығы 100 Мбит/с. Қазіргі уақытта қызмет көрсетуші тарап интернет жылдамдығы келісім-шарт талаптарына сай.	**https://ozat-school.edu.kz/attestation.php?f=196**	
8	**Компьютерлік тестілеу**			

9	**Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары**	**Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары** 1. Соңғыжылдарыоқушылардыңжалпыбілім беретін пәндербойыншаолимпиададаноблыстық деңгейде нәтиже көрсетпеуі; **Шешу жолы:**1) Пән олимпиадаларына оқушылардың қатысу белсенділігін арттыру және олимпиада резервтерін әзірлеу; 2) Білім алушылардың оқуға деген белсенділігін одан әрі арттыру, ішкі уәжін қалыптастыруды жетілдіру; ҚР Білім мен ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы «Мектеп дейінгі, орта білім ұйымдарының, сондай ақ арнайы білім беру ұйымдарын, жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» №70 бұйрықты негізгеала отырып, оқукабинеттерін жабдықтау; **Шешу жолы:**1) Оқу кабинеттеріне жүргізілген есептілік (мектепішілік аудит) бойынша сұраныстар әзірлеу 2) Жаңа модификациялық үлгідегі оқу кабинеттерін алу;		
10	**Қорытындылар мен ұсыныстар**	«Озат School»бастауыш мектебі мемлекеттік емес жеке мекемесінің құжаттары толық талапқа сай. Оқушыларға білім беруге берілген лицензиясын жүзеге асырып отырған кадрлық сапалық құрамы ережеге сай жасақталған. Оқу бағдарламаларының жоғарғы көлеміне сай келетін стандарт талаптарын сақтай отырып, іске асырылған. Оқушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар толық орындалған. Білім беру ісіне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардан сауалнама « ****» деген нәтиже көрсетті. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша білім беру ұйымы қызметінің деңгейі «жақсы» деп бағаланып, Қызылорда облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылды.		

Комиссия төрайымы Р. Жәнібек
Комиссия мүшелері Т. Сағатәліқызы оқу ісі жөніндегі орынбасар
Г. Аллаберген бірлестік жетекшісі